

2013 жылы Алматы қаласында жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 1 ақпандағы N 1/58 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2013 жылғы 25 ақпанда N 969 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 27 қаңтардағы N 1/41 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 27.01.2014 N 1/41 қаулысымен (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 5 тармағына және 20 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған ұйымдардың тізбесі, 2013 жылға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері және көлемдері бекітілсін.

2. Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын қоғамдық жұмыстарды орындау үшін жұмыс берушілермен шарттар жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбекақысы айына ең төменгі екі айлық жалақы мөлшерінде белгіленсін.

4. Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы:

1) 2013 жылға арналған Алматы қаласы бюджетінде қоғамдық жұмыстарды жүргізуге қарастырылған қаражат шегінде жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберуді жүзеге асырсын;

2) қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбекақысын төлеу олардың екінші деңгейдегі банктердегі жеке шоттарына ақша қаражатын аудару жолымен жүргізілсін.

5. Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулыны Басқарманың интернет

ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

6. Алматы қаласы әкімдігінің «2012 жылы Алматы қаласында жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберу туралы» 2012 жылғы 1 наурыздағы № 1/148 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 923 болып тіркелген, 2012 жылғы 17 наурыздағы «Алматы Ақшамы» газетінің № 33 санында, 2012 жылғы 20 наурыздағы «Вечерний Алматы» газетінің № 35 санында жарияланған) қаулысының күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары М. Мұқашевқа жүктелсін.

8. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі А. Есімов

Е н г і з у ш і :

Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы Ә. Құлмаханов

Келісілді:

А л м а т ы қ а л а с ы әкімінің бірінші орынбасары М. Мұқашев

Алматы қаласы Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының бастығы С. Қабдолов

Алматы қаласы әкімі аппараты заң бөлімінің меңгерушісі А. Қасымова

А л м а т ы қ а л а с ы әкімдігінің 2013 жылғы 1 ақпандағы № 1/58 қаулысымен бекітілді

**Ұйымдардың тізбесі,
2013 жылға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері және көлемдері**

№ р/с	Жұмыс түрлері	Жұмыс істейтін адам саны	Ұйымдар	Қоғамдық жұмыстардың көлемі мен нақты жағдайлары

1.	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдарына аумақтарды жинауға көмек	960	Алматы қаласы Алатау, Медеу аудандарының әкімінің аппараттары, «Өуезов ауданы жеке пәтер иелерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі, «Жетісу» қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі, «Тұран» үй-жайлардың меншік иелері кооперативтерінің қауымдастығы, «Тазалық Сити» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Алматы Тазалық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны және тағы басқалар	Келісім шартқа сәйкес
2.	Өңірді экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және көріктендіру)	241	«Қарасу» қоғамдық бірлестігі, «Ұлжан Ұлысы» қоғамдық бірлестігі, «Қарлығаш» жеке кәсіпкер, Медеу ауданы Алатау кенті әкімінің аппараты, «Тәртіп» акционерлік қоғамы, «Эталон» Құрылыс-жөндеу кәсіпорны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және тағы басқалар	Келісім шартқа сәйкес
3.	Өңірлік қоғамдық науқандарды жүргізуге көмек	965	Алматы қаласы аудандарының «Қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы Алатау, Бостандық, Медеу, Түркісіб аудандық ішкі істер басқармаларының көші-қон полициясы бөлімдері, Бостандық, Медеу аудандық Ішкі істер басқармалары, «Алматы қалалық құқық тәртібін қорғауға жәрдемдесу жөніндегі қоғамдық бірлестігі» қоғамдық бірлестігі, «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының Алматы, Өуезов, Бостандық, Жетісу, Түркісіб аудандық филиалдары, «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігі, Алматы қаласы Түркісіб ауданының әділет басқармасы, Түркісіб ауданының жергілікті өзін-өзі басқарудың үйлестіру кеңесі және тағы басқалар	Келісім шартқа сәйкес
			«Алатау ауданының мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі, «Намыс» жоғары білімі бар мүгедектердің қоғамдық бірлестігі, «ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес орталығы» мемлекеттік мекемесі, «№ 1 оқушылар үйі» мемлекеттік	

4.	Қарттар мен мүгедектерге күтім жасау, балалармен жұмыс, әлеуметтік қызмет көрсетуге байланысты өзге де жұмыстар	543	коммуналдық қазыналық кәсіпорны, «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» мемлекеттік мекемесі, «Қазақстан Республикасының ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Әуезов аудандық филиалы, Алматы қаласы жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры, «Алматы қаласы «Алатау» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі, Түркісіб аудандық мүгедектердің ерікті қоғамы, «Қазақ зағиптар қоғамы қоғамдық бірлестігінің «Алматы № 2 оқу-өндірістік кәсіпорны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Түркісіб аудандық қайырымдылық қоры, Түркісіб аудандық «Көп балалы отбасылар одағы» қоғамдық бірлестігі, «Қалыптасу» қоғамдық қоры, «Қарулы Күштердің мүгедектерге жәрдемдесу қоры» қоғамдық қоры, «Родник» Балаларды және әйелдердің әлеуметтік психологиялық бейімдеу және сауықтыру орталығы» қоғамдық қоры және тағы басқалар	Келісім шартқа сәйкес
	БАРЛЫҒЫ	2709		

Ескертпе: еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсынысқа қарай және жұмыс түрлері бойынша қатысушылардың саны және ұйымдардың тізбесі 2013 жылы қоғамдық жұмыстарды жүргізуге Алматы қаласы бюджетінде қарастырылған қаражат шегінде өзгеруі мүмкін.